CMYK


# АЙМАҚ АҚШАМЫ

№31 (100) ЖҰМА 13 қыркүйек 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ


• ЖОЛДАУ

## АЭС – КЕРЕМЕТ МҮМКІНДІК

***Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында елімізде атом электр стансасын салу мәселесіне тағы да оралып, бұған дейін айтылған республикалық референдумның нақты өтетін күнін бекітті. Алдағы 6 қазанда ел тұрғындары бір кісідей атсалысып, аталған мәселеге орай өз таңдауларын жасауға тиіс.***



Атом электр стансасының әлеуеті және еліміздегі бұл бағыттың келешегі туралы айтар болсақ, еліміздің Курчатов қаласында Ұлттық ядролық орталық жұмыс істейді. Ол жерде осы саланың білікті мамандары еңбек етеді. Сондайақ «Қазатомөнеркәсіп» компаниясында радиоактивті материалдармен жұмыс істей алатын ядролық саланың иелері бар. Одан бөлек, Алматыда 60 жылдан бері Ядролық физика институты жұмыс істеп тұрғанын көп адам білмеуі де мүмкін. Бір ай бұрын мен сол жерге арнайы барып, жұмысымен таныстым. Оның барлық қызметі МАГАТЭ-нің тікелей бақылауымен жүргізіледі.

Институттың академиктер мен профессорлардан құралған басшылығы маған болашақ АЭС үшін жоғары білікті 400 маман дайындап беруге мүмкіндік барын жеткізді. Бұл мамандар оқужаттығуға арналған макетте емес, жұмыс істеп тұрған ядролық реакторларда даярланады. Тек жатақхана мәселесін шешіп беруді сұрап отыр.

Институт басшылығының сөзіне сүйенсек, біздің елімізде АЭС үшін маман дайындауға әлеуетіміз толық жеткілікті. Біз осыны халыққа жеткізуіміз керек.

Бұған уран қоры жөнінен әлемде алдыңғы қатарда екенімізді қосып қойыңыз. Сонымен бірге, елімізде ядролық отын өндіретін Үлбі зауыты жұмыс істеп, өнімдерін шығарып жатыр.

Қазіргі таңда елімізде оңтүстік аймақ электр энергиясын көп тұтынады. Ал электр стансаларының бәрі солтүстікте орналасқан. Сондықтан да атом электр стансасын оңтүстік жақтан салу жоспарланып отыр. Бұл жерде 1979 жылы Екібастұз көмірін пайдаланатын «Оңтүстік Қазақстан гидроэлектр стансасы» салынуға тиіс болатын. Таңдалған орны керемет. Теміржол келіп тұр, елдің маңызды орталықтарынан қашықта орналасқан. Егер 6 қазанда ел халқы қолдап дауыс берсе, осы жерде АЭС салынбақ.

Жалпы АЭС тақырыбының елімізде талқыланып жатқанына 30 жылға жуықтап қалды. Алғаш рет ол 1998 жылы көтерілді, сосын 2005 жылы, кейін 2011 жылы талқыланды. Бірақ әрдайым халық тарапынан қолдау таппай келді. Алайда бір жыл бұрын АЭС мәселесін Президенттің өзі көтеріп, биыл көктемде референдум өткізу қажеттігін айтты. Яғни соңғы шешімді халықтың өзіне қалдырып отыр. Менің айтарым, бұл мәселені одан әрі соза беруге болмайды. Өйткені қазір біз қолданып жүрген заттың бәрі электр тогы арқылы жұмыс істейді. Электр энергиясына деген қажеттілік жыл санап өсіп жатыр. Сондықтан АЭС – осы қажеттілікті өтейтін керемет мүмкіндік.

Біз кезінде Ақтауда 30 жылға тақау Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты жұмыс істегенін білеміз. Алайда 90-жылдары популистердің ықпалымен оны жауып тындық. Осы стансаны жаппағанда қазіргідей проблема болмас та еді. Сондықтан алда өтетін республикалық референдумда халқымыз дұрыс шешім қабылдайды деп үміттенемін.


*Сергей ПОНОМАРЕВ,*
*Мәжіліс депутаты.*
*«Egemen Qazaqstan»,*
*06 Қыркүйек, 2024*


### Сәтбаев қаласындағы үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

| № | Үгіттік баспа материалдарды орналастыру үшін орындар |
|---|---|
| 1 | Ұлытау көшесі № 86, 90 үйлердің ортасында (автобекет ауданы) |
| 2 | Абай көшесі, Балмағамбет Балқыбайұлы атындағы мешіттің төңірегінде, автобустық аялдаманың жанында |
| 3 | Тәуелсіздік даңғылы, №5А үйінің жанында |
| 4 | Академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, № 88 үй жанында |
| 5 | Виктор Гурба көшесі, «Кеншілер даңқы» алаңының төңірегінде, автобустық аялдаманың жанында |
| 6 | Наурыз көшесі, №27 жалпы білім беретін мектептің төңірегінде, автобустық аялдаманың жанында |
| 7 | Академик Қаныш Сәтбаев даңғылы мен Жеңіс көшесінің қиылысында, автобустық аялдаманың жанында |
| 8 | Наурыз көшесі, «Б. Момышұлы» атындағы мектеп-гимназиясының төңірегінде, автобустық аялдаманың жанында |
| 9 | Ерден көшесі, №199 үйдің төңірегінде, «Лекерова»отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының жанында |
| 10 | Абай Құнанбаев көшесі, № 85 үйдің төңірегінде, автобустық аялдаманың жанында |
| 11 | Абай Құнанбаев көшесі, қалалық емхананың төңірегінде, автобустық аялдаманың жанында |
| 12 | Академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, №158 үйдің төңірегінде, автобустық аялдаманың жанында |

### Места для размещения агитационных печатных материалов в г.Сатпаев

| № | Дислокация мест для размещения агитационных печатных материалов |
|---|---|
| 1 | Улица Улытауская, между домами № 86, 90 (район автостанции) |
| 2 | Улица Абая Кунанбаева, около мечети имени Балмагамбета Балкыбайулы, возле автобусной остановки |
| 3 | Проспект Независимости, возле дома №5А |
| 4 | Проспект академика Каныша Сатпаева, возле дома № 88 |
| 5 | Улица Виктора Гурбы, около сквера «Шахтерская Слава», возле автобусной остановки |
| 6 | Улица Наурыз, около общеобразовательной школы №27, возле автобусной остановки |
| 7 | На пересечении проспекта академика Каныша Сатпаева и ул.Женис, возле автобусной остановки |
| 8 | Улица Наурыз, около школы-гимназии имени «Б.Момышұлы», возле автобусной остановки |
| 9 | Улица Ердена, около дома №199, возле семейно-врачебной амбулатории «Лекерова» |
| 10 | Улица Абая Кунанбаева, около дома № 85, возле автобусной остановки |
| 11 | Улица Абая Кунанбаева, около городской поликлиники, возле автобусной остановки |
| 12 | Проспект академика Каныша Сатпаева, около дома №158, возле автобусной остановки |

CMYK

ЖОЛДАУ: ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ҰСЫНЫСТАР

# ТҰРАҚТЫ ӨСУ МЕН ИННОВАЦИЯҒА ЖОЛ




***2 қыркүйекте ҚР Президенті Қасы-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауы жарияланды. Бұл жолдауда Мемлекет басшысы 9 бағыт бойынша мәселе көтерді. Солардың бірі жаңа экономика моделіне ерекше назар аударылды. Бұл жолдау елдің экономикалық дамуындағы негізгі бағыттарды және инновацияларға негізделген тұрақты өсу стратегияларын айқындап, Қазақстанның болашақтағы даму траекториясын нақтылады.***

**Қайрат БАЛМАҒАМБЕТОВ,**
**Сәтбаев қалалық мәслихат төрағасы**

Президенттің Жолдауында жаңа экономика тұжырымдамасы тұрақты өсу мен инновацияларды негізгі принциптер ретінде қарастырады. Бұл модель экономикадағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге, қаржылық және әлеуметтік теңсіздіктерді төмендетуге, сондай-ақ, еліміздің экономикалық дамуын ұзақ мерзімді перспективаларға бағыттауға бағытталған.

Экономикалық тұрақтылық - жаңа экономика моделі негіздерінің бірі. Бұл мақсатта экономикалық дағдарыстарды алдын алу үшін мемлекеттік қаржы саясатын тұрақтандыру, инвестициялық климатты жақсарту және инфляциямен күресу шаралары қарастырылуда. Президент экономикалық саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін фискалдық және монетарлық саясаттарды тиімді үйлестіру қажеттігін атап өтті.

Жаңа экономикадағы маңызды аспектілердің бірі - инновациялар мен цифрлық трансформация. Президент цифрлық технологияларды енгізу арқылы экономиканы жаңғыртудың маңыздылығын атап өтті. Мемлекет цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру, интернет желісінің қолжетімділігін арттыру және электрондық қызметтерді дамытуға бағытталған жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр.



Бұл шаралар бизнестің тиімділігін арттыруға және мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Инновациялық экожүйені дамыту керектігі де айтылды. Өйткені, ғылым мен технологиялар саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді қолдау, стартаптарды және инновациялық кәсіпорындарды дамыту үшін қажетті инфрақұрылымды құру, сондай-ақ, жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл Қазақстанның халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Қорыта келе айтарым, Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы халыққа Жолдауы Қазақстанның алдағы жылдардағы даму стратегиясын нақтылап, елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі маңызды бағыттарды белгілейді. Бұл жолдау еліміздің тұрақты дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған кешенді жоспарларды қамтиды.

Президенттің ұсыныстары мен шаралары еліміздің болашағын қалыптастыруға үлкен ықпал етеді және қоғамның барлық салаларында жаңғыртуды қамтамасыз етуге бағытталған.

# ТІЛ ЖАНАШЫРЛАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

***Қазақстан халқының тілдері күні мерекесі бүгінгі таңда елдің бүгіні мен болашағын ойлаған отандастарымыздың айтулы мерекесіне айналып отыр. Иә, тілдер мерекесі Ұлт Ұстазы, Алаш арысы, саналы ғұмырын тіл тағдыры жолындағы күреспен өткізген қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының туған күнінде атап өтіледі.***

Сәтбаев қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастырған «Тіл жанашыры - 2024» сыйлығын табыстау ету салтанатында қала әкімі М.Бөрібаев құттықтау сөз сөйлеп, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің әдіскері Ақнұр Алтаева мен тіл саясатын дамытуға өзіндік үлес қосып жүрген ұстаз, тіл жанашыры Бағлан Оразалыға Сәтбаев қаласының Құрмет грамотасын табыстады.

Еліміздегі тіл саясатының мәнін түсініп, оның ел бірлігі үшін атқарар қызметін ұғынып, қазақ тілінің бүгіні мен болашағы үшін сергектік танытып жүрген жандардың еңбегі еленіп, лайықты марапат жасалды. «Үздік қазақ тілді мекеме» номинациясы сыйлығымен «Лекерова» отбасылық дәрігерлік амбулатория ұжымы, «Үздік этномәдени бірлестік» номинациясымен «Дұслық» татар-башқұрт этномәдени бірлестігі, «Мемлекеттік тілді насихаттаушы үздік колледж» номинациясымен «Денсаулық» колледжі және Сәтбаев қаласының Технологиялық колледжі, «Мемлекеттік тіл және қызмет» номинациясымен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Сәтбаев қаласындағы филиалының директоры Батырлан Таймағанбетов, «Тіл шебері» номинациясымен үш тілді еркін меңгерген Алена Мечтанова , «Тіл тірегі» номинациясымен Ірғебай Әбдікәрімов марапатталды. Белгілі журналист Абдолла Дастанов «Тіл майталманы» атанды.

Тағылымды шарада қаламыздың өнерпаздарымен қатар, республикамызға танымал болып жүрген Қарағанды қаласының «Арай» квартеті өнер көрсетті.

***(Өз тілшіміз)***

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

***Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті.***

Мемлекеттік қызметші үнемі өзіне мынадай сұрақтарды қоюы керек: Мен өз әріптестеріме және азаматтарға әділетті әрі адал қарым-қатынас жасаймын ба? Мен әдептілік пен парасаттылық қағидаттарын қаншалықты сақтаймын? Қоғамның сенімін ақтау үшін қандай болуым керек?

Сондықтан да бүгінде мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлқына үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Әдеп стандарттарын сақтай отырып өз ұйымының беделін түсірмеуі қажет екендігін көрсету керек. Сондай ақ, үнемі салауатты өмір салтын ұстануы және отбасы құндылықтарын да насихаттауы қажет.

Мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде: әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болу қажет. Кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде азаматтар өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін жеке басы пайдасына қолданбауға, сондай-ақ жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу бойынша шектеулерді қабылдайды.

Бұл шектеулер мемлекеттік қызметке қабылданған күннен бастап отыз күн ішінде персоналды басқару қызметімен жазбаша түрде тіркеледі.

Заңнамаларда белгіленген шектеулерді қабылдамау Мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан шығаруға әкеп соғады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшінің кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, мемлекеттік қызметке кірген күннен бастап отыз күн ішінде өзінің меншігіндегі коммерциялық ұйымдардың үлестерін, жарғылық капиталындағы акцияларды сенімгерлік басқаруға өткізуге міндетті.

Әкімдік қызметкерлерімен Әдеп жөніндегі уәкіл ретінде тұрақты негізде мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша іс-шаралар өткізілуде. Жыл басынан 9 семинар ұйымдастырылды.

Қорытындылай келе айтарым, жауапкершілігі мен жүгі ауыр мемлекеттік қызмет – қоғамның айнасы. Сондықтан теріс әрекеттер жасамай, елімізге адал қызмет етуіміз қажет. Сондай-ақ заңды бұзу тиісті жауапкершілікке әкелетінін ұмытпауымыз қажет.

***А.БЕГЕЖАНОВА,***
***Сәтбаев қаласы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі.***

# МӘСЛИХАТ РӨЛІН КҮШЕЙТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында мәслихаттардың өзекті мәселелерді шешіп, аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алатынын баса айтты. Тіптен жергілікті өзін-өзі басқарудың мықты жүйесі азаматтардың өзі тұратын жердегі тұрмыс сапасын жақсартуға тікелей қатысуына негіз болатынын атап өткені мәлім.***



**Раушан ҚАПАРОВА,**
***Жезқазған қалалық мәслихатының төрағасы***

Жезқазған қалалық мәслихаты 8 шақырылымының депутаттық корпусы 13 депутаттан тұрады. Олардың 9-ы ер адам, 4 әйел адам. Былтырғы сайланған 13 депутаттың 8-і жастар. 7-шақырылымнан 2 депутат бар, құрам 80 пайызға жаңартылды. Депутаттар өзін-өзі ұсыну арқылы бір мандаттық сайлау жүйесі арқылы сайланды. Бұрынғы шақырылымдағы мәслихат депутаттарының жұмысынан өзгешелігі сайланған әр депутаттың өз округтері бар яғни , округтер бойынша жұмыс істейді.

«AMANAT» партиясынан 11 депутат бар, 2 депутат партияда жоқ. Біздің депутаттар әр салада қызмет атқарады. Атап айтар болсам: өндіріс, өнеркәсіп, бизнес, спорт саласынан келген депутаттарымыз да бар. Депутаттардың ішінде 5 кәсіпкер бар.

Депутаттардың бойында әлемдік кәсіби стандартқа сәйкес жұмыс істеу үшін мынадай қасиеттер болуы тиіс:

Біріншіден, коммуникативті қабілеттерге ие болуы керек яғни халықпен сенімді қарым-қатынас орнату.

Екіншіден, ұйымдастырушылық қабілеттерге ие болуы керек. Үшіншіден, сындарлы қабілеттерге ие болуы керек.

Ал ең соңғы және аса маңызды қасиет – ол депутаттың елге, жерге деген риясыз сүйіспеншілік сезімі, махаббаты дер едім.

Қазіргі таңда тәжірибе жинақтап, депутаттық жұмыстың қыр-сырын үйреніп жатыр. Мысалы, біздің депутаттар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы Ұлытау облысы бойынша филиалында «Мәслихаттардың рөлі мен әлеуетін күшейтудің заманауи тәсілдері» тақырыбы бойынша біліктілігін арттыру курсынан және «AMANAT» партиясы Саяси менеджмент академиясы ұйымдастырған депутаттық қызметті ілгерілетуге, халыққа қажетті партия бағдарламаларын іске асыруға депутаттың әлеуметтік желідегі парақшаларын тиімді жүргізудің әдісін үйретуге бағытталған семинарға қатысып сертификатқа ие болды. Жалпы қалалық мәслихатта 3 тұрақты комиссия жұмыс атқарады.

1. Экономикалық даму және бюджет мәселесі бойынша тұрақты комиссиясы, төрағасы –Тлесова Мейрамкүл Тоқсейітқызы.

2. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, құрылыс және сәулет мәселері бойынша тұрақты комиссиясы, төрағасы - Нұрдаулет Құрманқұлұлы Рахай.

3.Әлеуметтік мәселелері бойынша тұрақты комиссиясы,төрағасы -Өмірбеков Ринат Қайратұлы.

Мәслихаттың тұрақты комиссиялары 19 отырыс өткізілді. Онда қаралған мәселелер: қаланың жолдарын жөндеу жұмыстары, абаттандыру, балалар алаңының құрылысы, жылу беру маусымға дайындық және тұрғындардан түскен өтініштер бойынша депутаттар коммуналдық шаруашылық бөлімінің мамандарымен, мердігерлермен объектілерге барып, жұмыс барысымен танысу, қадағалау.

Мәслихат қызметінің ең негізі - сессия болып табылады. Өткен уақыт ішінде қалалық мәслихатта 23 сессия өткізіліп, 98 мәселе қаралды. Биылғы сессияларымыз тікелей эфир арқылы өткізілуде.

2024 жылдың 13 ақпанында қалалық мәслихаттың сессиясында Жезқазған қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшерін салықтық кезеңде алынуға жататын кірістер бойынша бөлшек салықтың 4%-дан 2%-ға төмендету көзделген шешім қабылданды. Ағымдағы жылы XVI- кезекті сессиясында «Жезқазған қаласының жекеленген санаттағы азаматтарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы», яғни барлық зейнеткерлерге, 1,2 топтағы мүгедектігі бар жандарға, барлық мектеп оқушыларына жол жүру ақысы тегін жүру туралы және Жезқазған қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекеленген санаттарының тізбесін айқындау бойынша 2 есеге өсті. Облыстық мәслихат төрағасы Б.Шыңғысовтың ұйымдастыруымен мониторингтік топ құрылды. Жезқазған қаласы бойынша құрылған 8 мониторингтік топ қала бойынша 95 нысанды қадағалауға алды.

Әрбір депутат қалалық мәслихаттың ресми сайтында жарияланған кестеге сәйкес апта сайын сайлаушылар қабылдауын өткізеді. Қалалық мәслихат депутаттары ағымдағы жылы 46 қабылдау өткізді, түскен арыз-шағымдар қаралды. Тұрғындардың негізгі сауалдары әлеуметтік сипаттағы мәселелерге қатысты болды: тұрғын үй мәселесі, жолдардың жағдайы, жасыл желектерді суару, коммуналдық қызметтер бойынша. Азаматтардың өтініштері бойынша Жезқазған қаласының әкімшілігіне 70 депутаттық сауал жолданды.

Жалпы, осы 8- шақырылымдағы депутаттардың қатысуымен қаламыздың дамуына бағытталған бірнеше шешімдер шықты. Соларға тоқтала кетсем, парк, скверлерді күтіп ұстайтын жаңа КМҚК-ның ашылуы, Жылу электр орталығындағы қазандықтардың күрделі жөнделуі, жылу жүйелерінің кешенді түрде ауыстырылуы, Гидроцехтегі суды тазалау үшін мембрананың салынуы, халық үшін әлеуметтік жеңілдіктердің көбеюі, кәсіпкерлерге бөлшек салықтың төмендетілуі сынды жұмыстар қарқынды жүрді.

Жезқазған қаласы – Ұлытау облысының орталығы мәртебесіне ие болғаннан кейін, жаңа нысан санын көбейту қажеттігі туындаған соң Бас жоспарға түзетулер енгізу былтыр қолға алынған болатын. Жезқазған қаласының бас жоспары – облысты дамытудың негізгі құжаты. Ол - қалада құрылыс жұмыстарын жүргізуге және қабілетті инвесторлардың жобаларын жүзеге асыруға, қаланы құру және одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Бас жоспарда жаңа жол құрылымы, тұрғын үйлер, спорт сарайлары, театр, стадион, сауда, ойын-сауық орталықтары, әскери қалашық, өрт сөндіру депосы, жүзу бассейні және 29 балабақша, 8 мектеп, 3 облыстық, 4 қалалық аурухана, балаларды оңалту, онкологиялық орталық қарастырылған.

Тамыз айында «Салауатты ұлт» жобасын жүзеге асыру бойынша қалалық мәслихат депутаттары да облыстық мәслихатта құрылған жұмыс тобымен бірге қаланың медициналық және білім беру мекемелерін тексеруге қатысты. Сонымен қатар, мәслихат депутаттары Полиция департаментімен бірігіп отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес мақсатында құрылған «Тұрмыс» жедел-алдын алу шараларына қатысып, қиын жағдайға тап болған тұрғындармен кездесіп, олардың мәселелерін шешуге ұмтылды. Сондай-ақ, наурыз, сәуір айларында «Тазалық» іс-шарасы аясында қала тазалығына қатысты мәселелерді тиісті орындардың алдына қойдық.

Тұтынушылар құқығын қорғау департаментімен бірге қалалық мәслихаттың депутаттары «Сапалы өнім» жобасы аясында меморандумға қол қойды. Осы жоба аясында қалалық мәслихаттың депутаттарының қатысуымен азық-түлік бағаларын тексеру үшін мониторинг тобы құрылды. Жұмыс тобы сауда үйлерінде болып бірқатар қателіктер бойынша басшыларына ескертулер жасалып, бақылауға алынды.

Мектептердегі асханалар қызметі де назардан тыс қалған емес. Бірнеше мектептерге, атап айтқанда, №7, №8, №3 мектептерге ескертулер берілді. Алдағы уақытта бұл бақылау жұмыстары жалғасатын болады.

Жезқазған қалалық мәслихатының жоспары және депутаттық кездесулерді өткізуге арнайы кесте құрылған, сол кесте бойынша депутаттар тұрғындармен сайланған учаскелері бойынша кездесулер өткізеді.

Мәслихат төрағасы мен тұрақты комиссияның төрағалары «Жезқазған қалалық мәслихатының атқарып отырған жұмыстары мен келешектегі жоспары» тақырыбында Ұлытау облысы өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингке қатысып, атқарып отырған депутаттық қызметі туралы халыққа есеп берді.

Тұрғындардың жергілікті бюджет қаражатын бөлуге қатысу мақсатында «Халық қатысатын бюджет» жобасы шеңберінде ZOOM платформасында Белсенді қала тұрғындары мектебінің негізін қалаушы, сарапшы Сания Араповамен және депутаттардың, тұрғындардың қатысуымен онлайн кездесу өткізді.

Биыл тәжірибе алмасу мақсатында басқа облыстардың қала мәслихаттарымен тәжірибе алмасу мақсатында Қызылорда, Тараз, Атырау, Ақтөбе, Көкшетау қалаларының мәслихаттарымен тығыз әріптестік қарым-қатынас орнатылды.

Қаламызда қордаланған мәселелер өте көп. Қандай кемшін тұсымыз бар, біз бәрін көріп те, біліп те отырмыз. Дегенмен, мұның барлығын бірден шешу мүмкін емес. Жоспарлы істердің жүзеге асуын қадағалап, қамтамасыз ету –біздің ұдайы назарымызда.

Қалалық мәслихаттың интернет порталында ресми сайты бар, «Е-өтініш», Е-қызмет ақпараттық жүйелерін белсенді пайдаланады. Қалалық мәслихаттың Instagram, Фейсбук парақшаларынан мәслихат жұмысы туралы ақпаратты, қалалық мәслихаттың депутаттары туралы барлық мәліметтерді, шешімдерді, атқарып отырған жұмыстарымызды табуға болады. Әлеуметтік желідегі парақшаларымызда «Депутаттық бақылау», «Депутаттық кездесулер» деген арнайы айдарлар ашылды. Сол жерге атқарылған және атқарылатын жұмыстарымызды жариялап отырамыз. Сонымен қатар, тұрғындар өз участоктарының депутаттарын парақшамызда сілтеме арқылы жеңіл тауып алуға болады.

Депутаттық қызмет - халық игілігі үшін атқаратын қоғамдық жұмыс. Депутаттық жұмыс үлкен жауапкершілікті талап ететін, көтеретін жүгі салмақты, халық пен биліктің арасын байланыстыратын алтын көпір десем де болады.

ҰЛЫ ДАЛА ҰЛЫЛАРЫ

# ҚОБЫЗДЫ ТІРІЛТКЕН ТҰЛҒА

**ӘЙГІЛІ ҚОБЫЗШЫ, ҰЛТ ӨНЕРІНІҢ ҚАЙРАТКЕРІ ДӘУЛЕТ МЫҚТЫБАЙ (1904-1976) – ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІ ТАРИХЫНА ЕСІМІ АЛТЫН ӘРІППЕН ЖАЗЫЛАТЫН ТҰЛҒА. ОЛ – ҚОРҚЫТ (VII-VIII ҒАСЫР), ҚЕТБҰҒА (XII ҒАСЫР), ҚОЙЛЫБАЙ (XVII-XVIII ҒАСЫР) СЫНДЫ ҚОБЫЗШЫЛАРДАН ҮЗІЛМЕЙ ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ДӘСТҮРДІ ЖАҢҒЫРТЫП, ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗГЕН, ОСЫ МУЗЫКА САЛАСЫН ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯДА БИІК ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРГЕН БІРТУАР.**

Бүгінде «Қазақ радиосының» алтын қорында Дәулет Мықтыбай орындаған 30-ға жуық қылқобыз күйі сақталған. Оның репертуарында 50-ден астам күй болған деседі. Дейтұрғанмен кеңес тұсында ұлттық мұраға қандай теперіш болса, Дәукеңе де соның салқыны тиген.

Сүйек жағынан келсек, Дәулет Мықтыбай – әйгілі қобызшы Қойлыбайдың ұрпағы. Ел арасында батыр аты шыққан бабасы Базаргелді Оразұлы – Қойлыбайдың Талшыбық атты қызынан туады.

Дәулет Мықтыбай қазіргі Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Құмкөл ауылында Әупік би шаңырағында дүниеге келген. Әупік Мықтыбайұлы (1870-1953) Сарыарқада ауқатты, білімді, беделді, сыйлы, өнерге жақын, қобыз тартқан бесаспап азамат болған. Анасы – Дәмеш Сабындыкөлді жайлаған Манам Темеш сүйегінен. Ел естелігінде ол кісіні де қайырымды, өнерлі жан еді деседі.

Әупік би бала Дәулетке жасынан Қойлыбай бабасынан жеткен «Қоңыр» атты күйді үйретеді. Ұлының ынта-қабілетін көріп, бірте-бірте халық күйлерін меңгерту аясын кеңейтеді.

Дәулет Мықтыбайдың екінші ұстаз ағасы – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Сәкен Сейфуллин. Ол Сәкеннен «Сарыарқа», «Әупілдек» күйлерін үйреніп, кейінгілерге жеткізген. 1957 жылы Сәкен ақталған соң, оларды ел арасында ашық насихаттай бастаған. Ал 1964 жылы 24 шілдеде «Қазақ радиосы» таспасына жаздырады. Сонымен қатар қобызшы Сәкен Сейфуллин туралы біршама ауызша дерек жеткізіп кетеді.

XX ғасырдың бас шерегінде Қорғалжын – Алаш азаматтары топтасқан жер болды. Бұл өңір – Түркістан автономиясын құрысқан, М.Шоқаймен бірге «Бірлік туы» газетін шығарысқан Алаш қайраткері Хайретдин Болғанбайдың ауылы. Көнекөз қариялар Қорғалжын басында Міржақып Дулатұлының басқаруымен бірнеше Алаш басқосуы өтті деседі. Жиынға қатысушылар ішінде Мағжан Жұмабай, Мырзағазы Есболұлы, Асхат Сейдалин, Ахмет Бірімжанұлы, Кәрім Тоқтабаев, Сейдәзім Қадырбайұлы, Телжан Шонанұлы, Сейілбек Жанайдарұлы, Сыздық Мешінбайұлы, Қосымжан Бабақұлы сынды тұлғалар болыпты.

Алаш зиялылары Хайретдин Болғанбайдың туысы Әупік бидің үйіне түстенеді. Мал шалынады. Өңірдің ақсақалдары, атқамінерлері, өнерпаздары жиналады. Әсіресе Ақмоладан, Атбасардан әнші-күйші көптеп келеді. Халық сұрауыменен Әупік Мықтыбайұлы Қорқыттың «Қоңырын», халықтың «Ақсақ құлан», «Аққу», «Айрауық», «Саржан төре» күйлерін орындап, әр туындының аңыз-әпсанасын қатар жеткізіп отырады. Әңгіме мен ән-күй қыза келе, шаңырақ иесі түп нағашысы Қойлыбайдың қобызы туралы кеңінен толғайды.



Әупіктің тебіреніп айтқан әңгімесі Мағжан ақынға қатты әсер етеді. Осы көңіл күйден кейін «Қойлыбайдың қобызы» атты поэма жазады.

Қорғалжындағы Алаш азаматтарымен кездесу тарихи оқиғаға айналады. Қонақтар қайтарда 15 жасар Дәулет Қорғалжыннан Атбасарға дейін бірге еріп, Алаш тұлғаларына қызмет көрсетеді. Міржақып Дулатұлы алғыс ретінде Дәулет Әупікұлына мына өлең шумақтарын арнап, бата береді:

«Талай елді аралап,
Талай жерді саралап,
Біз келеміз бұл күнде,
Елге үлгі шашқандай,
Дұшпанның көңілін басқандай,
Айбарлы едік ол күнде.
Толықсыған заманға,
Қаратылған амалға,
Елден ауып көшкен соң,
Ұшырап сапар шеккен соң,
Не демес көк ми надандар?
Серпіліп тұман ашылар,
Қамыққан көңіл басылар.
Бейнетті қанша көрсем де,
Іздеймін жолын Алаштың,
Дұшпанменен таластым.
Бермейміз елді қорлыққа,
Көнбейміз бекер зорлыққа,
Соны көктеу түрі бар.
Шырағым Дәулет, сен-дағы,
Біздің жолға ер-дағы,
Талаптың мін тұлпарын.
Саған болсын бұл нұсқа,
Бұл нұсқаны берік ұста,
Алғырдан туған сұңқарым.
Түзелмес заман жайланып,
Басқа дәурен айналып,
Сонда бізге ерерсің,
Не қызықты көрерсің.
Кешеден бергі қызмет
Еткеніңе рақмет,
Қайырлы болсын талабың!»

1920-жылдары Дәулет Мықтыбай неше түрлі саяси қуқайды көрді. 1928-1930 жылдары ағасы Нығметжан екеуі тәркілеуге және күштеп ұжымдастыруға қарсы тұрады. Осы үшін 1934 жылдың күзінде Нығметжан сотталып, 17 жылға бас бостандығынан айырылады.

Бұл уақытта бір жағынан халық шығармашылығына да мүмкіндік берілді. Ел арасында әншілік, күйшілік өнерімен танылып үлгерген дарынды әншілер – қарағандылық Қали Байжанов, қорғалжындық Қосымжан Бабақұлы, Дәулет Мықтыбай 1933 жылы Қарағанды облыстық радиосында қызметке алынды. Арқаның еркін жүрген өнерпаз ұлдары осында музыкалық білігін жетілдіріп, тәңірі сыйға тартқан киелі өнердің небір тылсым сырын игерді.

Осында жүріп Қарағандымен іргелес Павлодар, Ақмола облыстарына да гастрольдік сапармен барған Дәукең үшін бұл кезең – қылқобызда орындаушылық шеберін шыңдаған шақ болатын.

Ұлытау, Баянауыл, Жаңаарқа, Қарқаралы, Балқаш жаққа барған сапарларында ескі аңыздар мен көне күйлерді ерінбей жинады. Тәттімбет, Жанақ, Жаяу Мұса, Шашубай Қошқарбайұлы, Маясар Жапақұлы, Жәкен Байтуұлы, Әбікен Хасенұлы, Бегімсал Орынбекұлы шығармашылығы мен өнері оған айрықша әсер етті. Нәтижесінде, Қарағанды радиосында тұңғыш рет қылқобыз сүйемелдеген музыка -хабарлар берді.

Ол Жаңаарқадағы Сайдалы Сары Тоқаның ауылында «Сары дала» атты күйді Е.Сарбиұлынан, Түгіскен ауылында Бұралқы Құдайбергенұлынан Ықыластың «Айрауықтың ашы күйі», «Шыңырау» күйлерін үйренді. Бұл күйлерді Дәулет Мықтыбай 1964 жылы шілде-тамыз айларында «Қазақ радиосына» жаздырды. Қобыз күйін естіген халық ғасырлардан жеткен сарынды түйсінгендей еді.

Дәулет Мықтыбай халық арасынан «Қамбар батыр», «Қазан» (1-нұсқа), «Кертолғау» (екі түрі), «Жолаушының қоңыр күйі» (1-түрі), «Жолаушының қоңыр күйі» (2-түрі) сынды мұраларды жинады.

1933 жылы Дәулет Мықтыбай Қарқаралыға барады. Аштан есепсіз қырылған халықты көріп, терең қайғыдан күй шығарады. Халықтың көңіл күйін қобызға түсіреді. Күйдің аты – «Зартолғау». Бұл күйді қазір тыңдасаңыз да көзіңізге жас келеді.

1934 жылы қобызшы Алматыда өткен Бірінші Бүкілқазақстандық өнерпаздар слетіне қатысып, жүлдегер атанады. Дәл осы жиында маң-



насихаттай жүріп, Ақмолаға жақын орналасқан Оскаров селосына барып, ұлт музыка аспаптарының атасы атанған Қамар Қасымовпен танысып, фабрикада жасалған алғашқы қобыздардың сарапшысы ретінде аспаптарды баптаумен айналысады.

1971 жыл – Дәулет Мықтыбай өміріндегі бетбұрыс кезең. Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерватория ректоры, профессор Ерекеғали Рахмадиев оны Алматыға қызметке шақырады. Ерекеңнің шақыру мақсаты – қобыз класын ашу еді. Сол кезде қобыздан сабақ беретін ұстаз болмай, консерваторияда қобыз класы жабылу алдында тұрған.

Қобызшының ел астанасына қайта келуі осы өнердің бағын ашты. Ол 1976 жылға дейін (қайтқан жылы) профессор Болат Сарыбаевпен бірге 30-ға жуық студентке қобыз өнерін үйретіп, дәріс берді.

Дәулет Мықтыбайдың арқасында консерватория бағдарламасына қазақ халқы және Қорқыт, Кетбұға, Қойлыбай, Жанақ, Жаяу Мұса, Ықылас, т.б. тұлғалар күйлерінің ойнау тәсілі мен ерекшеліктері енді.

Қобызшының шәкірттері – еліміздің мақтаныштары. Солардың ішінде әйгілі композитор, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор Кенжебек Күмісбеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Пернебек Момынов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қуаныш Әжмұратов, Құрманғазы консерваториясы қобыз және баян кафедрасының меңгерушісі, профессор Базархан Қосбасаров, Қ.Байсейітова атындағы музыка мектебінің оқытушысы, профессор Әбдіманап Жұмабеков, т.б. жұртшылық жақсы таниды.

Бұл ретте Әбдіманап Жұмабекұлы мына бір сөзінде дана қобызшының өнер тарихындағы орны мен мәртебесін дәл көрсетіп, рухы алдындағы борышымызды нақты айқындаған: «Дәулет Мықтыбаев – көне дәстүрді біздің заманымызға жеткізген бірден-бір қобызшы. Егер Дәукең болмағанда қазақ халқы қаншама інжу-маржан, асыл қазынасынан айырылып қалар еді. Осы еңбегі үшін ұлы қобызшыға қазақ халқы атынан ескерткіш орнату – елдік парыз». Біздіңше, бұл ұсыныс әділетті Қазақстанның мақсат-міндетімен сәйкес келеді. Сондықтан жақсылықтан үміттенеміз.

дайалды музыка мамандарының назарына ілігіп, мақталады.

